

AINA

ҰЛЫТАУДЫҢ ТУРИСТІК
ӘЛЕУЕТІ АРТЫП ОТЫР

2-бет

KUN TARTIBI

ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛҒАН
КҮН

4-бет

QOGAM

ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС
ТОҚТАМАЙДЫ

5-бет

KELBET

МӘНДІ ДЕ МАҒЫНАЛЫ
ҒҰМЫР

6-бет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сәрсенбі күні коронавирус індетінің екінші кезеңіне дайындық жөнінде кеңес өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

ЕШКІМ МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ



Қазақстан Президенті өз сөзінде көптеген елде эпидемиологиялық ахуалдың нашарлағанын атап өтіп, осыған байланысты ахуал ушыққан жағдайда оған мемлекеттік органдардың дайын болуы қажет екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев түйткілді мәселелерді айта келе, тест сынама-лары алу көлемінің азайғанына назар аударды.

Бүкіл әлемде зертханалар желісінің кеңейтілуіне және тестілеу бағасының төмендеуіне қарамастан, елімізде оның құны жоғары болып отыр: 10 мыңнан 18 мың теңгеге дейін. Тұрғындардың басым бөлігі үшін бұл баға қымбат деп ойлаймын. Үкімет пен әкімдіктер тест сынама-сын алудың қаржылай қолжетімділігі мәселесін шешуі керек. Сонымен қатар басқа елдермен, соның ішінде, Ресеймен салыстырғанда бет-перделердің бағасы әлі де шарықтап тұр. Оның да бағасын төмендету қажет. Үкімет бетперде-

лердің бөлшек саудадағы шекті бағасын 60 теңге көлемінде бекітуді жоспарлап отыр. Маған хабарлаған мәлімет бойынша, Ресейде бұл баға 20-30 теңге шамасында. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне мұндай бағалардың сәйкестігіне талдау жасап, зертханалық қызметтер мен жеке қорғаныш құралдарының бағаларына мониторинг жүргізуді тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент ел тұрғындарының жаз маусымында дәрі-дәрмек тапшылығын көргенін жиынға қатысушылардың есіне салды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасынан кейін ғана тиісті шаралар қабылданды. Атап айтқанда: дәрі-дәрмектердің екі айлық қоры жасақталып, қажетті препараттардың тізімі кеңейтілді, сондай-ақ, оларды шетелден әкелу және тіркеу тәртібі жеңілдетілді.

►► 2-бетте



АБАЙ АМАНАТЫ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан
Республикасының
Тұңғыш Президенті –
Елбасы

Адамзат өркениетінің тарихы сан ғасырлардан бері ұлы тұлғалар көбіне көнеңің күйреп, жаңаның бой көтеріп, қоғамның бір сападан екінші сапаға ауысар дәуірінде дүниеге келеді. Жаратушы өз мейірі түскен ерекше жанның бойына нұрлы сипат дарытып, заманың сан алуан факторлары оның қайталанбас дара болмысын сарқайды.


Абай Құнанбайұлы тұлғасы да сондай аралық кезеңнің жемісі. Ескінің соңы мен жаңаның басын жалғастыратын көпір. Ол өмір сүрген тұста қазақ қоғамы бұрынғы хандық басқару жүйесінен біржолата қол үзіп, «өз қолынан өз ырық кеткен» алды бұлғынғыр уақытқа тап болды; көшпенділік салттары дағдарысқа ұшырап, отырықшылық өркениет белгілері ентелеп ене бастады; баһадүр аламандықтың беті қайтып, заманауи білімге бет бұратын кез туып келе жатты.

Ұлы ақын, дана ойшыл Абай XIX және XX ғасырлар тоғысындағы Ағартушылық немесе Ояну дәуірінің қосбасшысына, елдің болашақ бағдарын айқындап берген рухани темірқазығына айналды. Үлкен білімпаз Құдайберген Жұбанов Еуропа руханиятымен салыстыра айтқандай, Абай – «өз ортасының Данте сияқты адамы», яғни халықтың дәстүрлі сөз өнерін, таным жүйесін, мінез бітімін түбірімен жаңаша түлеткен санаткер. Орыстар үшін Александр Пушкин, ағылшындар үшін Уильям Шекспир, немістер үшін Иоганн Гете, америкалықтар үшін Уолт Уитмен қандай болса, қазақстандықтар үшін Абай да – сондай рухани ұлы тұлға.

Мызғымастай көрінген Кеңес империясы құлап, тәуелсіз жас мемлекеттің негізін қалау миссиясы маған бұйырғанда, тарихтың «соқпақпалы, соқпақсыз» күрт айнымалы сәтінде хақим Абайдың өсиетіне жүгініп, еліміздің болашағына жаңаша көзқараспен қарағаным хақ.

Байқауымша, ұлылықты ұғыну бір бөлек те, онымен табысу және тоғысу, яғни түпсіз тереңіне бойлап, жеке болмысына жарату – өз алдына қырық қатпар құбылыс.

►► 3-бетте



«ҚАЗАҚМЫС» КОРПОРАЦИЯСЫНДА

ДАМУДЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ



Жақында Сәтбаев қаласындағы Ш.Ділдәбаев атындағы Кеніштердің мәдениет сарайында «Қазақмыс» Топтары компаниясы еңбек ұжымдарының жұмысы жиналысы болып өтті. Компания басшылығының еңбек ұжымдары өкілдерімен бұл кездесуі тікелей пікірлесу және қиындықтарымен бейнебайланыс конференциясы түрінде ұйымдастырылып, еңбеккерлердің көңілдегі сауалдарын қоюына мүмкіндік жасалды. Жұмыс жиналысында компания басшылығының жаңа құрамы таныстырылды және өндірісті дамытуда алдағы кезеңге белгіленген жаңа көрсеткіштері ортаға салынды.

«Kazakhmys Holding» ЖШС Директорлар кеңесінің және «Қазақмыс» корпорациясының ЖШС Басқармасының төрағасы Эдуард Оғай Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Андрей Гайдин бастаған «Қазақмыс» корпорациясының жаңа басшыларын таныстырды. Сондай-ақ, Басқарма төрағасының орынбасарлары болып Әділет Бөрменқұлов, Марина Красюк тағайындалды. Қызмет бөлінісі бойынша А.Гайдин корпорацияның өндірістік-техникалық дамуына, қауіпсіздік пен еңбек қорғау мәселелеріне басшылық жасайды. Сонымен қатар, өндіріс нысандарындағы еңбеккерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының қазіргі талапқа сай болуын қадағалайды. Ә.Бөрменқұловқа аймақтық және әлеуметтік даму мәселелері, мемлекеттік органдармен, Үкіметпен байланысты жұмыстар, корпорацияның ішкі және сыртқы саясатының мәселелері жүктелді. М.Красюк байыту өндірісінің болашақтағы даму және техникалық қайта жарактандыру мәселелерімен айналысады. Корпорация басшылары өздеріне жүктелген міндеттерге орай алдағы жүзеге асырылмақшы маңызды жобалар туралы айтып, жиналысқа қатысушылардың сауалдарына жауап берді.

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің 2040 жылға дейінгі стратегиялық жоспарына сәйкес кен өндіру көлемін ұлғайтуды көздеген жаңа өндірістер қатарға қосылатын болады. Жомарт кенішінде 2025 жылға дейін жаңа байыту фабрикасы салынады. Іске қосылғанда онда қуатына сай жылына 4 млн. тонна кен өңдеудің мүмкіндігі туады. Нұрқазған байыту фабрикасының ұн-

тақтау кешенін жаңғырту жоспарлануда. Сол арқылы кен өңдеу көлемі 2022 жылы 4 млн. тоннаға жеткізіледі, 2027 жылы фабриканың қуаты одан әрі арттырылып, жылына 6,5 млн. тонна кен өндіретін болады. Тағы бір толымды жоба, 2027 жылға дейін «Күсұрың-Ақбастау» кеніштері бойынша белгіленген күрделі жұмыстардың барлығы орындалады. Мұндағы жерасты тәсілімен кен өндіру көлемі 1,7 млн. тоннаға жеткізілмекші.

Жалпы «Қазақмыстың» өндірісті дамыту жөніндегі бағдарламасы 20 жылға арналған. Жаңа нысандарды салу және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту арқылы осы кезеңде кен өндіру көлемін 6 906 мың тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Орта есеппен кен құрамындағы мыс 1,08% болады деп күтілуде. Жылына 600 мың тонна кен өндіретін жаңадан Жайсан кенішін іске қосу жоспарлануда. Осы өңірдегі Шатырқол-Жайсан кен көздерінің өнімдерін өңдейтін жаңа байыту фабрикасы салынбақшы. Қуаты жылына 1 млн. тонналық бұл фабрика 2024 жылы пайдалануға беріледі. Болашақта кеңейтіліп, 1,5 млн. тонна кен өңдеу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, стратегиялық жоспарда әкімшілік-тұрмыстық бағыттағы құрылымдар мен ғимараттарға жөндеу жүргізіп, вентильді әдіспен жұмыс істейтін еңбеккерлерге қолайлы тұрмыстық жағдай жасау тетіктері де мұқият қарастырылған.

Жиналыста «Қазақмыстың» коронавирус пандемиясы кезінде компания ішіндегі, сонымен қатар қанаттас қалалар бойынша көптеген шараларға атсалысқаны да атап айтылды. Оған жобамен

17 млрд. теңге қаржы жұмсалды. Оның ішінде корпорация еңбеккерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге және барлық өндірістік кәсіпорындарда қорғаныш шаралары мен дезинфекция жүргізуге 10 млрд. жұмсалса, 7 млрд. теңгедей қаржы республикалық «Bigemuz» қорына, Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш қалаларының денсаулық сақтау мекемелеріне қолдау көрсету шараларына бөлінді. Жұқпалы індет пен тұрмаудың алдын алу мақсатында компания қызметкерлеріне гриппке қарсы вакцина ету жүргізілуде. Қазірде 10 мың еңбеккер вакцина қабылдады. Бұл шара ерікті түрде, тегін жасалады.

Компания жыл сайын еңбекақыны көтеру мәселесін де ойдағыдай шешіп келеді. Мәселен, 2020 жылы еңбекақыны өсіру нәтижесінде компания бойынша төменгі жалақы 100 мың теңгеден 140 мың теңгеге жетті. Үстіміздегі жылдың 8 айында орташа жалақы 14,1% өсті. Жиналыста компания басшылығы тағы бір әлеуметтік қолдау жөніндегі шешім жасалғанын хабарлады. Коронавирус індетінің екінші толқынының айналып соғуы мүмкін екеніне орай компанияның барлық еңбеккерлеріне қолдау көрсету мақсатында екінші рет 100 мың теңгеден төлемдер берілді. Төлемдер аутсорсингтік компанияларда да алатын болады. Жұмысшы жиналысында жыл қорытындысымен сыйақы беру мен жалақыны өсіру мәселесі де көтерілді. Экономикалық жағдайға тиісті мониторинг пен талдау жасалғаннан кейін еңбекақыны көтерудің мөлшері мен сыйақы беру мерзімі қосымша хабарланатын болады.

Өз тілшіміз

Құрметті оқырман!

Міне, жана 2021 жыл да жақындап, газетке жазылудың кезекті маусымы басталғалы тұр. Артта қалып бара жатқан 2020 жыл еліміз ғана емес, тұтастай әлем үшін ауыр жыл болғанын білесіздер. Әлемдік пандемия экономиканың қай саласын болмасын қиындатқанда тіреп, медицина жүйесін әбгерге салды. Қаншама ки-мас жандар ауыр дерттен бақилық болды.

Коронавирус инфекциясы қылаң бере бастаған ерте көктемде жарияланған Төтенше жағдай режимі, кейінгі карантин шектеулері күнделікті өмірімізге қолайсыздыққа толы көптеген өзгерістер әкелді. Ел арасында қарым-қатынас қиындап, көптеген мекемелердің жұмысы қашықтан атқарылатын режимге ауысты. Бірақтар, шағын кәсіпорындар жабылып та қалды. Мұндай қиындық баспасөз саласын да айналып өтпесі анық. Алайда, Төтенше жағдай режимі жарияланған наурыз айынан бастап, күні бүгінге дейін «Saryarqa» ұжымы кідіріссіз жұмыс істеді. Карантин мен қаржылық қиындықтар екі жақтап қыспаққа алса да оқырманды өзекті

ақпаратпен қамтамасыз ету үшін журналистеріміз бен техникалық қызметкерлеріміз барын салды. Редакция жұмысы әдеттегі жүрісінен жаңылмады. Мұны біз ешкімге міндетсізбейміз, тек оқырман алдындағы міндетіміз, кәсіби борышымыз деп білеміз.

Сөз басында айтылғандай, баспасөзге жазылу маусымы басталды. Күннен күнге дәстүрлі басылымдардың оқырманы азайып бара жатқанын көріп отырмыз. Өкінішке қарай, газетке жазылуы қиынсынып, көңілсіздіктен көп сылтау айтатын да ағайын аз емес. Барлығын түсінеміз. Заман басқа, заң басқа... Сөйте тұра, салмақты дүниелер ғана жарияланатын дәстүрлі басылымдарды рухани серік ететін жандардың да аз емесіне сенеміз. Біздің тірегіміз – оқырман ғана. Оқырмандар қатары сиресе көңіліміз құлазиды, әр жаңа оқырман шабыт сыйлап, қанаттандырады. Сондықтан, мысты қаланың тарихын тасқа басып келе жатқан «Saryarqa» газетін қолдаңыз!

Дархан МҰХАН

SARYARQA

«SARYARQA» аймақтық газетіне 2021 жылға жазылу басталды

Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін
Мекен жайға жеткізіп беру – 4 200 теңге;
Редакциядан келіп алу – 3 200 теңге;
Заңды тұлғалар үшін
Мекен жайға жеткізіп беру – 7 500 теңге;
Редакциядан келіп алу – 6 500 теңге.

«Saryarqa газеті редакциясы» ЖШС
ТОО «Редакция газеті Сарыарқа»
БСН/БИН 050340007333
ЖСК/ИИК KZ09856000005225027
АО «Банк ЦентрКредит»


+7 (7102) 71 00 55, +7 (7102) 77 50 25



SARYARQA-АҚПАРАТ
ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСКЕ
«ҚЫЛМЫСҚА АРАНДАТУ» ДЕГЕН
БАП ЕНГІЗІЛЕДІ

ҚР Қылмыстық кодексіне «қылмысқа арандату» деген бап енгізіледі. Бұл туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Олжас Бектенов айтты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ **ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ**



Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау үшін Занда жедел-іздістіру қызметін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қылмыстарды арандатқаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Қылмыстық кодекске «қылмысқа арандату» деген 412-1-бап енгізіледі. Ол тек паракорлықпен шектелмей, жедел келген қылмысты қамтитын болады. Бұл ретте, жедел-іздістіру қызметін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамның кейіннен әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту немесе бопсалау мақсатында адамды қылмыс жасауға көндірген заңсыз әрекеттері, қылмыстың арандатуына жағдай, – деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша, аталған бап әрекеттердің ауырлығына және салдарына байланысты үш бөліктен тұрады. Заңсыз әрекеттердің зорлық-зомбылықпен не күш қолдану әрекетімен ұштасқанына, мүліктің жойылуына немесе бүлінгіне оқеп соққанына не адамның материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып жасалғанына, қылмыстық топтың мүдделерінде жасалғанына не олар өзге де ауыр зардаптарға оқеп соққанына қарай жаза тағайындалатын болады. Жазаның ең төменгі мерзімі – 7 жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, 3 жыл бас бостандығынан айыру. Ең жоғарғы санкция – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 10 жыл мерзімге айыра отырып, 12 жылға бас бостандығынан айыру.

Осы түзетуді қабылдау, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды күшейтуге ықпал етеді. Лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттеріне қосымша тосқауыл болады, – деді Олжас Бектенов.

МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗЕТІН ТОПТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мониторинг жүргізетін топтардың белсенділігін арттыруды тапсырды.

Мониторинг жүргізетін топтардың белсенділігі төмендеп барады. Әлеуметтік желілер арқылы түрлі жиын-тойларда түсірілген фотосуреттер таралады. Мониторинг жүргізетін топтар тексерістерін азайтты. Бұл ретте, карантин шаралары сақталмай, заң бұзу деректері көбейіп кетті, – деді Президент коронавирус індетінің екінші кезеңіне дайындық мәселелері бойынша кеңесте сөйлеген сөзінде.

Мемлекет басшысы әкімдерге мониторинг жүргізетін топтардың жұмысын жандандыруды тапсырды.

Ведомствоаралық комиссия осыны қатаң бақылауға алуға тиіс, – деді ол.

«АСТАНА» ПРЕЗИДЕНТТІК КӘСІБИ СПОРТ КЛУБЫ ТАРАТЫЛДЫ



Сәрсенбі күні «Астана» президенттік кәсіби спорт клубының (ПКСК) таратылғаны туралы белгілі болды.

Нұр-Сұлтан қаласында өткен брифингте «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры бас директорының орынбасары Асқар Баталов айтып өткендей, ПКСК жүйесіне кіретін барлық клуб өз жұмысын жалғастырады.

«Астана» футбол клубы, «Астана» баскетбол клубы, «Барыс» хоккей клубы және «Astana Pro Team» велосипед командасы секілді «Samruk-Kazyna Trust» құрамына кіретін барлық клуб өз жұмыстарын жалғастырады және тікелей «Самұрық-Қазына» қорынан қаржыландырылады, – деді Баталов.

ЭЛЕКТР САМОКАТ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ ӨЗІРЛЕНЕДІ

Қазақстанда электр самокат пайдалану ережесі әзірленеді. Бұл туралы ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Серік Түсіпов айтты.

Қазіргі уақытта депутаттар «Жол жүрісі саласындағы кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер енгізу туралы» заң жобасына бастамашылық жасағандығын хабарлағым келеді. Онда самокаттар, электр самокаттары мен скутерлерді пайдалану бойынша түзетулер, өзгертулер және қосымшалар енгізу көзделген. Оның ішінде аталған қозғалыс құралын пайдаланатын тұлғалардың құқықтарымен қатар міндеттері де регламенттеліні болады. Толық ақпарат алу үшін аталған заң жобасын бастамашыларға, әзірлеушілерге жүгінген жөн, – деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Аталған баспасөз мәслихаты барысында ол елімізде 2020 жылдың 9 айында 8 933 жол-көлік апаты орын алып, салдарынан 1 265 адам қаза тапқанын, 11 780 адам жарақат алғанын айтқан еді.



ЕШКІМ МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мемлекет басшысы пандемияның екінші толқыны болған жағдайда негізгі салмақ тағы да медицина қызметкерлеріне түсетінін атап өтті. Президенттің тапсырмасы бойынша екінші жартыжылдықта төлемақы үшін 150 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. Бірақ үстемәк және сактандыру төлемдерін алуға әлі күнге дейін бюрократиялық кедергілер бар.

– Жергілікті жерлерде үстемәкқа қатысты «шифрмен ойнау» мәселесі жалғасуда. Бұл қаржы бөлу ісінде осы уақытқа дейін ашықтық жоқ. Мұндай жағдайды болдырмау қажет. Бас дәрігерлер жұмыс уақытының есебін түзетулі медицина қызметкерлерінің пайдасына емес, керісінше жасауға тырысып жүр. Дәрігерлер өздеріне тиесілі ақшаны сұрап алмауы тиіс. 30 қыркүйектегі мәлімет бойынша пандемия кезінде бұл індеттен 182 медицина қызметкері көз жұмды. Қазіргі кезде бұл жағдайларды түрлі комиссиялар қарастыруда. 37 отбасына ғана жәрдемақы төленді. Мұндай жағдайға мүлде жол бермеу керек. Өлім себептерін адам қайтыс болғаннан кейін анықтау көптеген қиындықтар, соның ішінде, этикалық сипаттағы түйткілдерді туғандатады. Осы арнайла Үкіметке қайтыс болған медицина қызметкерлерінің отбасыларына егжей-тегжейлі тереу жүргізбей, тиісті барлық жәрдемақыны төлеуді тапсырамын. Медицина қызметкерлерінің қызмет барысында науқасқа шалдықуы расталған жағдайда олардың төлемақылары қысқа мерзім ішінде сөзсіз төленуі тиіс, – деді Президент.

Президент өз сөзінде басқа да ауру түр-

лері бойынша тиісті медициналық көмек көрсетудің маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша жағдайдың нашарлағанына арнайы тоқталды.

– Былтырғы 8 айда – 36 әйел қайтыс болса, биылғы 8 айда – 131 әйел қайтыс болды. Мысалы, Ақтөбе облысында бұл көрсеткіш шамамен 13 есе, Қызылорда облысында 9 есе, Шымкент қаласында 7 есе артты. Неге бұл адамдарға көмек көрсетілмеді? Қандай шаралар қабылданып жатыр? Үкіметке өңірлермен бірлесіп, аталған фактілердің әрқайсысын тексеріп, нәтижесін баяндауды тапсырамын. Ана мен баланы қорғау, онкологиялық, кардиологиялық, пульмонологиялық және медициналық көмектің басқа да түрлерін көрсету – ел алдындағы міндетіміз. Әкімдерді, жалпы Үкіметті бұл міндеттен ешкім босатқан жоқ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар кеңесте басқа да мәселелер қарастырылды. Президент халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуінің маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысының пікірінше, азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік маңызды бар тауарлардың бағаларына қатысты мәселелер ерекше назар аударуды қажет етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды елдегі экономикалық белсенділіктің күрт төмендеуінен шыға алды деп есептейді. Бизнесіті ынталандыру жөнінде шаралар қабылданып, тұрғындардың аз қамтылған топтарына көмек көрсетілді. Дүниежүзілік банк селіміздің әлеуметтік-экономикалық да-



муының негізгі көрсеткіштерінің қарқынды жоғары бағалады. Бұл ретте, бүкіл әлем бойынша пандемияның жақындап келе жатқан екінші толқыны жаңа міндеттер жүкттейді.

Президент сөзінің соңында халықпен қарым-қатынас жасаудың және кері байланыс орнатудың аса маңызды екеніне назар аударды.

– Пандемияға қарсы күрестегі табыс, негізінен, халықтың қабылданған шаралар мен шешімдерге деген сенімінің деңгейіне байланысты. Мұны тәжірибе көрсетті. Ал, сенім азаматтардың билік тарапынан атқарылып жатқан іс-қимылдарға түсіністік танытып, қолдау көрсетуіне байланысты. Халықпен тұрақты диалог жасап отыру керек және тұрғындарға туындаған мәселелер мен қа-

терді шынайы әрі ашық айтып, оны шешудің жолдарын ұсыну қажет. Жағдайдың ұшығуы санитарлық және алдын алу шараларын қатаң сақтауға байланысты екенін бизнес өкілдері мен азаматтарымыз түсінуге тиіс.

Шынайы және оптимистік жағдайлар бойынша биыл қатаң шектеу шараларын енгізу қажеттігін болдырмауымыз керек және оған мүмкіндігіміз бар, – деді Мемлекет басшысы.

Жыныда Премьер-Министр Асқар Мамин, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағиғалиев, Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов, сондай-ақ, Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов сөз сөйледі.

АЛТЫН-ОРДА – 750

ҰЛЫТАУДЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТЫП ОТЫР

Тарихи жауауларға толы Жезқазған жеріне әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарихи ғылымдары тарих ғылымдарының докторы, ҰҒА Құрметті академигі Талас Омарбеков, тарих ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі Берекет Кәрібаев, тарих ғылымдарының кандидаты, ҚҰУ доценті Еділ Нойнов, ҚҰУ-нің докторанты Алмаз Тоқсанбаев және тарих ғылымдарының кандидаты, жазушы Иманғазы Нұрахмет келіп, Ұлытау аймағына экспедиция жасады. Алдымен Жошы хан, Алаша хан, Домбауыл кесенелеріне баран олар кейін «Диар» телераисында, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде болып, жұртшылықпен жүздесті.



Кездесу барысында телераисы басшысы Базарбай Әлеуханұлы Талас Омарбековтен Жезқазған-Ұлытау аймағымен аты қатар аталатын хандар мен батырларға қатысты, олардың бүгінгі кезеңдегі зерттелуі жайлы белгілі болған деректермен бөлісе отыруын сұрады.

– Бүгінде тарихи шығармаларға қалам тербеген жазушылар тарихты өз калауынаша бұрмалап жеткізеді. Соның салдарынан ұрпақ ойы сан жаққа бөлінді. Бір тұлға жайлы әр шығармада әр түрлі деректер ұшырасады. Қазір ойына келгенін айтып жүрген өлкетанушы көп. Олар былай тұрғанда негізгі тарихты дұрыс білмейтін тарихшы мамандар бар. Ұлытау өңірінде қаншама қазақ ханы жерленген дейміз. Бұл аймақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ірі туризм орталығына айналғалы отыр. Сол мақсатта қызу жұмыстар жүріп жатыр. Ірі-ірі демалыс орындары салынуда. Осы тұста аталған өңірге жат тарихты жабыстырып жатқан ғалымдар да бары көңіл қынжылтуды. Мысалы, кейбір тарихшылар Ұлытау жерінде Хақназар хан мен Орыс ханның мүрдесі бар дейді. Ол былай тұрсын, «Хандардың ханы» саналған Шыңғысханды осы жерде жерленген деп жүр. Шыңғысханның сүйегі қайда қойылғаны әлі күнге дейін жарыққа шыққан. Оның 100-ден артығында оның мүрдесі Бурхан тауына қойылғаны айтылған. Ал жан-жақты зерттеу жүргізбеген тарихшылар оны Ұлытау өңірінде жатыр дейгенді алға тартады. Бұл – біріншіден қате пікір. Екіншіден, бұл ойымдан бас тартпасақ – Монғолия елі мен біздің мемлекет арасында түсініспеушілік туындауы мүмкін. Жалпы Шыңғысханның сүйегі қайда қойылғаны әлі күнге дейін құпия. Алаша хан есімін де қалмақ, монғол тіліндегі аудармаға негіздел «Кісі өлтіруші» деген мағынаны береді дейтіндер бар. Шыңғысханды, Алаша атауы түркі тіліндегі «Аласа хан» (Екінші хан) сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырауынан пайда болған, – деген Талас Омарбеков орта ғасыр тарихы мен Қазақ хандығын зерттейтін қазақтілді тарихшылардың саусқан санарлықтай екенін айтып өтті.

Қазақ тілін білмейтін тарихшылар көбіне Ресей мен Еуропа жазбаларын негізге алып, халық арасында айтылатын ауызша деректер мен шежіре-дастандарды ескермейтініне налитынын білдірді. Бүгінге дейін 34 ғылым кандидатына, 7 ғылым докторы мен 3 PhD докторына ғылыми жетекші болған академик осы ғалымдардың көбі кейіннен басқа салаларға ауысып кете барғанын жеткізді. Оның себебі – тарихшыларға көрсетілетін әлеуметтік көмектің мардымсыздығынан дейді ол.

Оған әрі сөз алған бүгінде Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің менгерушісі Берекет Кәрібаев Ұлытауға барған сапарында Жошы хан мазарына барғанын, ондағы қайта қалпына келтіру жұмыстары әсерінен ескерткіштің түпнұсқалық кейпі жоғалғанын, қабырға кесектерінің сыланып, сырланғанына қынжылысын білдірді. Тарихи ескерткіш бастапқы түпнұсқа түрінен ауытқымауы керек деген ол Сығанақ, Сарайшық қалалары маңына жасалған қайта жөндеу жұмыстары кезіндегі тәжірибелерді негізге ала отырып жұмыс істеуге шақырды.

Жыны барысында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан Қапарова Ұлытауға экспедиция кезінде музей гилдері түрлі тарихи тұлғалар мен оқиғаларға қатысты айтылып жүрген дерек пен пікірлердің қайсысы дұрыс екенін білмей тығырыққа тірелетінін айтып, соған байланысты бір ұйғарымға келіп отыратын Тарихшылар одағын құру идеясын ұсынды. Бүгінде, тарихшылардың Ерлан Сыдықов жетекшілік ететін «Қазақстан тарихшыларының конгресі», Мәмбет Қойгелдиев басшылық ететін «Қазақстан тарихшыларының қауымдастығы» және Бүркіт Аяған бастаған «Қазақстан тарихшыларының ассоциациясы» атты үш ұйым барын тілге тиек еткен Талас Омарбеков нақты бір пікірге келу үшін біраз жылдар мен зерттеулер керек екенін айтты.

Шарада Домбауыл кесенесіне қатысты аңыз бен ақиқат пікірлер жөнінде де сөз қозғалды.

– Домбауыл батыр кесенесі құрылысы жағынан Қозы Көрпеш – Баян сұлу мазарына қатты ұқсайды. Бұлар – оғыз заманының ескерткіштері деп жиі айтылады. Біздің білетініміздей, оғыз заманында ислам діні таралмаған. Сол себепті мәйіттерді Тәңірлік отқа табынушылық дәстүр бойынша өртеп жіберетін болған. Мысалы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесін қазған археологтар ол жерден ешқандай да ғашықтар сүйегін таппағандарын айтады. Сол себепті Домбауыл кесенесінде де батырдың мүрдесі болу-болмауы екіталай. Оны анықтау үшін қазып көру керек. Бірақ, бұл ескерткіш те қайта жөндеу жұмыстары кезінде ғалым Михаил Герасимов сызып көрсетіп кеткен келбетінен айрылып қалыпты, – деді өз пікірін бөлсекен Талас Омарбеков.

Кездесу одан әрі Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде жалғасын тапты. «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров қонақтарға бірлестіктің ұйытқы болуымен «Ұлытауым – ұлы дала киесі» атты республикалық жазба ақпарат мүшайрасы, Алтын Орданың 750 жылдығына орай ұйымдастырылған «Қазақ жеріндегі саяси-құқықтық мемлекеттердің қалыптасу тарихы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференциясын өткізіп және жақында жарық көрген Батырбек Мырзабековтің төрт бөсаға басқару жүйесі жайындағы «Аманат» кітабы туралы ойларын ортаға салды. Одан әрі «Ұлытауым – ұлы дала киесі» атты ақпарат мүшайрасына қатысып, Ерден сұлтан атындағы арнайы жұлдеге ие болған Иманғазы Нұрахметке тағайындалған 150 000 теңгелік жұлдесін, оған қоса ғылыми-теориялық конференцияға қатысқан үздік жеті тарихшыға тағайындалған 100 000 теңгелік сертификаттарды да табыс етті. Аталған марапатқа ие болған ғалымдар қатарында тарихшылар Талас Омарбеков пен Берекет Кәрібаев та бар. Сонымен қатар, өзге тарихшыларға да ескерткіш сыйлықтар тарту етілді.

Ақмет ТАҒЫБЕРГЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы **ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ**



АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Нарық жағдайында тұрғын үйдің қолжетімділігі адамдардың табысына және осы міндетті өздiгiнен шеше алу қабiлетiне орай жүзеге асады.

2021 жылдың өзiнде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 700 мың салымшысы өз жинағының бiр бөлiгiн тұрғын үй алуға, емделуге жұмсай алады немесе басқарушы компаниялардың иелiгiне бередi.

Биылдан бастап «5-10-25» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оған 390 миллиард теңге бөлiндi. Үкiмет осы бағдарламаның жүзеге асырылу барысын үнемі қадағалап отыруы керек.

Кезекте тұрған адамдардың баспана мәселесiн тезiрек шешу керек. Қаражатты тек үй құрылысына ғана емес, жалдау ақысын субсидиялауға да бөлген жөн.

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жеке тұрғын үй салу iсi баяу жүрiп жатыр. Мұның басты себебi – үй салынатын аумақты дайындау iсiнiң қарқыны төмен.



175

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осыған орай «Менің Абайды тануым әуелде неден басталды?» деген сауалға ден қойғанда, әлбетте ұлы ақынның сөздері бесік тербеген әлдімен бірге құлаққа сіңді десем, асыра айтқандық бола қоймас. Рас, өлең сөзге жүйрік, ел әдебиетіне қанық әжем Мырзабабала мен анам Әлжан кішкентай күнімде тіні үзілмеген дәстүрлі тәрбие аясында халқымыздың ертегі, аңыз, киссаларын жалғыз барынша сіндірді. Бұл Абай әлеміне апаратын жолдың бастауы болатын.

Ал келешегіме байқеп боп жүрген қайран шешем мені тоғызыншы сынып бітірген соң Қасқаленге өз қолымен жетектеп апарып, Абай атындағы қазақ орта мектебінің табалдырығынан аттатқанда, алдымнан мүлде басқа әлемнің есігі ашылды. Ұлы ақынның есімін иеленген ою ордасының шәкірті болудың өзі бір жағынан мақтаныш, екінші жағынан жауапкершілік екенін ұқтым. Әрине, біз Абайдың мектеп жасына лайықталған оқу, ғылым, адамгершілік, табиғат тақырыбындағы хрестоматиялық өлеңдерін жұрт қатарлы жатқа айтатынбыз. Әсіресе өзім ақынның философиялық астарға толы «Ескендір» поэмасын қайта-қайта құмарта оқығаным есімде. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ғаббас Бейсенбетовке түсінбеген жерлеріме қатысты тосын сұрақтар қойып, сонынан қалмайтынмын. Бұл ынтызарлық менің көне грек әлеміне, оның билік пен даналық жүйесіне балалық қиялмен сапар шегіп, ойымның өрісі кеңеюіне едәуір септігін тигізді.

Дана Абайдың «таланты ерге нұр жар» деген қағидасын басшылыққа алып, 1958 жылы мектепті бітірген бойда тәуекелге бел байлап, Арқа төсіне аттандым. Ар жағы Украинаның Днепродзержинск қаласы... Бұл менің тағдырымағы бетбұрысты сәттердің бірі болғаны анық. «Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел» демеу пе еді жарықтық Абай даладағы қой соңында жүрген қазақ баласына. Ондағысы «алыс-жақын демей, баратын жеріне барып, маңдай тер, табан ақын арқылы қасиет үйрен, нәпақанды жиі» дегені ғой. Біз қарашаймыздан еңбеккер болып өстік. Қатарластар бізге әңгіме-кешелерімізге қолғабыс етіп, бірте еңбекке араласып, шөп шауып, мал жайлап, отын жарып, жеміс өсіріп, бақша салып, жылдың төрт мезгілінде үзілмей кезектесе келіп отыратын шаруаны атқарысып, қара жұмысқа әбден төселдік. Кейін туған жерден шалғайдағы Теміртауда, «Қарметкомбинаттағы» от-жалында балқыған болатын ортасында құрышпай шыңдалдық.

Кейде біздің буын өмірі бойына ұлы Абай мектебінен, яғни ғұламаның мұхиттай шалқар ой қазынасынан толасыз білім алып келе жатқандығын көріңді.

...Тарих талқысы қызық. Абайға дейінгі заманға зер салсақ, ат жалын тартып мінген қилы замандарда өмір сүрген жырғаулардың арқа сүйеген, сөз арнаған елтұтқасы болыпты. Өріде Тоньқытық кезенгер Білге қағаны, беріде құтты қоныс іздеген Асан қағанның Жәнібек ханы, мұнан соң көмекші әулие Бұқардың Абылай ханы, тіпті одан да кейініректе Нысанбай жыраудың Кенесарысы үлгісінде ел басшысы мен данағөй сөз іесі арасындағы қарым-қатынас ұлт тарихында Ұлы даланың өсем жарастығының айғағындай із қалдырыпты.

Ал Абайдың маңдай тіреп, ой бөлісетін, назын айтатын алдыр ханы болған жоқ. Өйткені өктемдігін орнатқан империя реформаларының нәтижесінде Шығыс тұқымы екі тізгін, бір шылбырдан толығымен айырылды. Ал тіпті ақыр соңында қазақ үшін биліктің ең зоры, әрі кетсе, болыстық, ауылнайлық немесе ресми кеңседегі тілмаштық қана болып қалды. Сондықтан жамы күйзелген дана Абай салмақты сөзінің бір бөлігін «қалың ел, қайран жұрты – қазағына» бағышта-са, қалған уақытта «моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шымын» деген сарында өзімен өзі мұндасты. Ата-тегінде ел басқару үрдісі бар, әкесі Құнанбайдың аға сұлтандығын былай қойғанда, өзі де бірнеше рет болыстық қызмет атқарған Абай билік жүйесінің мөн-мазмұнын «Көп шұбылдақ не табар, Билемесе бір кемел», «Единница болмаса, Не болады өңкей нөл» деген концептуальды пайымға сыйғызды.

Дауыппаз жырғаулардың соңғы тұяғы, «Халық – менің шын атым» деп тұтас ғасырдың жүгін арқалаған Жамбыл Жабасев «Абайдың суретіне» атты өлеңінде өзінен бір жас үлкен рухтас ағасының ішкі дүниесіне бойлай отырып:

*Терең ойдың түбінде теңіз бар,
Төсіле көп қарасан, көңіл ұзар.
Сол тереңде сүйсініп жсан үйімідей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..* – деп Абай трагедиясының шет-пұшағынан хабар беретін еді.

Мәселе сол әр қазақтың Абайдың «те-реңіне сүйсініп, үңіле білуінде» жатқан жоқ па?!

Абай заманында толық бодандыққа душар болған қазақ жері бұтартанған, бөлшектелген. Қармайтын тал қалмай, ел тұнғышқа сүнгінен. Кезінде төрткүл дүние тарабын тоғыстырып, Алаш жұртының айбынын асырған, мәңгілік ұйытқысына айналған кіндік шаһар – Түркістан өз мәртебесін жоғалтқанына біраз уақыт өткен.

АБАЙ АМАНАТЫ

Шын мәнінде, Абайдың иек артып, тәу етіп баратын астанасы да жоқ еді. Елдікті аңсаған, бірлікті көкөсеген данышпан үшін мұнан артық қасиет табылмас. Бүгінгі күні әлемді аузына қаратқан салтанатты елордасы бар егемен мемлекетте өмір сүріп жатқан оның жасампаз ұрпағы мұндай ұлттық шексіз құндылықтың қадірін біліп, маңызын түсінуге тиіс. **Абайдың осы арманының орындалғанына, Есілдің жағасында еңселі байтақ қаланың ірге теуіп, бой көтеруге мұрындық болғанға мың да бір шүкіршілік етемін.**

Тәуелсіздікті жарияламас бұрын елімізде жаһандық деңгейдегі аса маңызды шешім қабылданды. Ол – Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Жарлық.

*Қараңғы түнде тау қалғып,
Үйқыға кетер балбырап.
Деланы жым-жырт дел-салғып,
Туи басады салбырап.
Шаң шығармас жол дағы,
Сілкпе алмас жапырақ,
Тыныштығың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ,* – деген жолдар арқылы Абайдың Гетемен және Лермонтовпен сөз жарыстары отырып бейнеленген туған топырағын 40 жыл бойы сұрапыл жарылыстар арқылы астан-кестен етіп, жаппай зобалаңға ұшыратқан тажалдық үні солай өшті. Сонда халқының бейбіт тұрмысын, жеке елдік қалпын ұлықтаған дананың рухы қайта байыздаған шығар деймін.

Жана мемлекеттіліктің негізін қалау барысында көкейімізде «Өз елімізді ұшаққа қалай шығарамыз? Елдің ең алдыңғы қатарлы жұрттарының қатарына қалай қосамыз?» деген сауалдар менің ойымды онға бөліп, санамды сан саққа жүгіртіп келеді. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...». Бұл – Абайдың мәңгі жасайтын қағидасы. Мұның ғажайып үлгісін мен қарашайдың мән-маңызын көріп өстім. Шамалған ауылында зұлмат заманның тауқыметін тартып, сонау жер түбінде еріксіз қоныс ауларды келген түрлі ұлт өкілдері жапсарласа күн кешіп, қоян-қолтық араласа өмір сүрді. Олардың арасында мекхет түріктері, чешендер, ингуштар, украиндар, немістер, қарашайлар бар еді. Біз өзіміз құралпы басқа жұрт балаларын шж жатысбай, бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай сезініп, құлын-тайдай төбісе жүріп жетілдік. Ал әкем Әбіш болса, түріне қарасаң таулық, тіліне қарасаң қазақшадан айырмасы шамалы бір малқар (ол кезде балқар деуші еді) отбасын үйімізге әкеп паналатып, жұмысқа орналастырып. Ішкен асымыз, жасаған тірлігіміз, көрген қызығымыз, шеккен қиындығымыз ортақ болғандықтан, тез арада туысып кеттік. Осындай ортада өскендіктен, адамзат баласын алаламайтын мінез бойыма ерте дарыды-ау деймін.

Әлем тарихына үңілсең, ру мен ру, тайпа мен тайпа, одан әрі ұлт пен ұлт, содан соң мемлекет пен мемлекет арасындағы ірілі-ұсақты қиқилжінің көбінің ар жағында Адам Ата мен Хауа Анадан тараған жұмыр басты, екі аяқты пенделердің бірін-бірі тегіне, түріне, тіліне, яғни нәсіліне қарап жатырқауы жасырынып жататын кездер жиі ұшырасады. Діни қарай бөліну індеті де сұмдық зардаптарға ұрындырған. Абай айтқан осындай «алты бақан алауыздықтың» салдарынан талай жұрт өзара қырқаса жүріп, жер бетінен біржола жойылып кеткені мәлім. Кесене Одағы ыдырауының барысында және тәуелсіздігіміздің елен-алаңында өз ішімізде неше түрлі ірікті салғын, ірге бөлгіш пиғылдар оянып, сын сағаты туған кезде ел тізігінің ұстай отырып, тарихи тұрғыдан қалыптасқан көпэтностылық пен копконфессиялық жағдайың бірінші кезекте ескеру қажеттігін аңғардым. Бір жағынан сепаратистік әрекеттер бой көтергені байқалса, екінші жағынан ұлтшылдық дабыл қаққан аласапыран кезеңдерді бастан өткеруге тура келді. Сондай күрделі ауахалда түсіністіктен татулыққа, ымырадан ынтымаққа қол жеткізу арқылы ғана тұтастығымызды сақтадық. «Алтау ала болса ауыздағы сөйсет, төртеу түгел болса төбедегі келеді» дейді екен дана бабаларымыз. Қазір айтуға оңай, сол уақытта біз «қайтсек, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарамыз» деп арпалыса жүріп, елдігіміздің шаңырағын шайқалтпай ұстап қалдық. Тұрмыс тапшылығын да бір тайқазаннан ас ішкендей бірге еңсердік. Ол қазақтың кең қолтық, ақ жүрек мейіраңдылығын және Алтай мен Атырау арасын сол қазақпен араласа жайлаған өзге ұлттардың Абай өнеге етіп қалдырған бауырластығының арқасында жүзеге асты.

Кезінде жер жүзінде төндесі жоқ институт атанған Қазақстан халқы Ассамблеясының менін бастамамен дүниеге келіп, елдегі татулық пен тұрақтылықтың ұйтқысына айналуының өз ел бірлігіңіз еш ұлы мақсаттың орындалмайтынын жете түсінгендіктен жүзеге асты деп пайымдаймын.

Ел бірлігі ұранын бағзы замандардан бері талай сұңғыла бабаларымыз қайта-қайта көтеріп отырған. Сонау XVIII ғасырдың өзінде Бұхар жырау:

*...Егер Абылай алдында бітпесен,
Атасың білмес алысын.
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа.
Көш соңынан жете алмай,
Есің шығар сол шақта,* – деп бірлікке шақырса, **Абай «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» деп, XIX ғасырда-ақ бірлік арқылы күллі адамзаттың көшіне ілесе білуге шақырды.** Бұл кеңестер тұлғаның көрегендігінің белгісі еді.

Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы жолында мен әрбір сөйлеген сөзімде ел бірлігі, ұлт татулығы мәселесін ұдайы еске салып отыратыным сондықтан. Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиында: «Біз де бүгін үлгішілік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қарастерлеуге ерекше мән береміз», – деген едім. Осы қағида – менің ешқашан айнымайтын өмірлік ұстанымның бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігімді өз еркіммен тоқтату туралы шешім қабылдамас бұрын болашақ ел басқарар азаматқа қажет қайраткерлік тәжірибе мен тағылым жайын ой тезіне, көңіл безеніне тартып, асықпай, зер сала қарадым. Абайдың:

*Бас басына би болған өңкей қиқым
Мінекі, бұзған жоқ па елдің сиқын?
...Бірлік жоқ, береке жоқ,*


*шын пейіл жоқ,
Сапырлды байлығың, баққан жылқың,
Баста ми, қола малаз талас қылған,
Қуш сынасқан күндестік
бұзды-ау шырқын,* – деген өкінішті қайталамау қажеттігі тағы алдымнан шықты.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап менімен бірге жұмыс істеген Қасым-Жомарт Тоқаевтың адал әрі жауапкершілігі жоғары азамат екенін естике алмағанда, оның елдегі ішкі жағдайды саралап қана қоймай, Шығыстың да, Батыстың да тілдерін менгергендігін, Біріккен Ұлттар Ұйымын Бас хатшысының орынбасары қызметін атқарғанын, әлемдік саясаттағы Қазақстанның орнын байыптай алатын дипломаттық қырын да ескердім. Сондай-ақ өзім айрықша мән беріп келе жатқан ел бірлігі мәселесі мен адамзаттық құндылықтарды үйлестіру қабиілетіне сенім арттым.

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойын ХХІ ғасырға қарышты қадм басқан тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі саяси, экономикалық және мәдени жетістіктері аясында атап өту туралы шешім қабылдады. Бұл менің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларымда қойылған мақсаттарды жүзеге асырудың заңды жалғасы және Абай мұрасын заман сұраныстарына сай қайта зерделеудің маңыздылығын білдіреді.

Уақыт бір орында тұрмайды. Ұрпақ жанарады, қоғам жетіледі, талап өзгереді. Есіме осыдан ширек ғасыр бұрынғы, тіпті одан ел сәліркеткі кезең түсіп отыр. Себебі Абайдың ойы мен сөзін күллі әлемдік ауқымда мойындату мәселесін Кеңестер Одағы әлі тарамай тұрып, 1990 жылы халықаралық деңгейде көтерген едік. Бірақ ол кезде бізге құлақ аспады. Әрине, алдымыздан шыққан басты келдері Қазақстанның дербес мемлекет еместігі еді. Сондықтан асақ тілегіміз егемендік алғаннан соң ғана қабыл болды. Абайды дүниенің даңқты тұлғаларының тізіміне енгізіп, 150 жылдық мерейтойын халықаралық дәрежеде атап өту жөніндегі ұсынысымыз қолдаған ЮНЕСКО ұйымының сол уақыттағы бас директоры Федерико Майор мырза кейіннен мерекелік салтанатты шараларға да өзі арнайы келіп қатысты. Және бір айта кететін нәрсе, осы арада биік мәртебелі халықаралық ұйым тарапынан тұрақты тәртіпке айналған бір шарттылық бұзылды. Өйткені бұрын тек 200, 300, 500 секілді соңы бірнеше нөлмен аяқталатын сандарға сәйкес келетін мерейтойлар ғана тізімге ілінетін. Жас мемлекет үшін халықаралық ұйым тарапынан мұндай қолдау көрсетілуі ұмытылмасы анық.

Абай мерейтойына әзірлік өте қиын-қыстау кезеңде қолға алын-ды. Экономикалық-әлеуметтік проблемалар шаш-етектен болып тұрғанына қарамастан, нар тәуекелге бардық. Арнаулы қаулы қабылдап, атқарылатын іс-шараларды тиесілі мемлекеттік құрылымдар мойнына жүйе-жүйесімен жүктеттік. Мерейтойға әзірлік жөніндегі республикалық комиссия және штаб құрылып, оны қаржылық, материалдық-техникалық, инфрақұрылымдық, идеологиялық, дипломатиялық, ғылыми, мәдени тұрғыдан қамтамасыз етудің нақты шаралары бекітілді. Барлық жұмыстың барысын өз бақылауымда ұстадым. Жауапты тұлғалардың қатысуымен арнаулы мәжілістер ұйымдастырып, жағдайды жан-жақты пысықтап отырдым. Шабандық, салғырттық, неқұрдайлық, ашустілік белең алған тұстарда талапты күшейтіп, тіпті мерей-



тойдың маңызын тереңірек түсіндіру үшін дайындық барысындағы басқосудың бірін Семей қаласына барып өткіздім. Сондағы жиын үстінде: «Абай тоы – тек Алматы мен Семейге, Жазушылар одағына, басқа да шығармашылық ұйымдарға ғана керек шаруа емес. Бұл бүкіл республиканың, күллі Қазақстан халқының мерекесі. Бұл, шын мәнінде, біздің тарихи және рухани жадымызға, керек десеңіз, осындай іс-шараны мемлекеттік деңгейде өткізе алатынымызға, ұйымшылдығымызға сын. Оның үстіне, Абай мерекесі даңғыллықты көтермейді, ұлы адамды еске алу құрметіне, тұрасын айтқанда, атаулы күндерді атап өтуде бізде үйренішті әдетке айналдып кеткен шектен тыс ас та тек той жасаудың қажеті жоқ. Парасаттылық, ақылға қонымдылық, ең бастысы, зиялылық пен ұстамдылық қажет. Мерейтой даңғазықтан аулақ, жоғары мәдениеттілік аясында өтуге тиіс. Абайдың өзі бізді осыған үндеп кеткен және оның өсиетіне кереметтік етуімізге болмайды» – деген екенмін.

Бұл сөздерді жайдан-жай айтпаған едім. Жасыратыны жоқ, тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде ұлт тарихындағы көп ақтаңдақтардың беті ашылып, «Өлі разы болмай, тірі баймайды» деген ұранмен көпшілік жұрт өзінің қағаберісте қалған бабаларын түгендеп жатты. Олардың ішінде ұлттық деңгейдегі батыр, билермен қоса, дәреже-дәріп жергілікті жерлерге ғана танымал тұлғаларға да ас беріліп, құрмет көрсетілді. Тоталитарлық жүйе құрсауында құндылықтарына тыйым салынып, іштей булығып келген халықтың ақ түйенің қарны жарылғандай сезімі мен сеніміне тосқауыл қою әбестік саналар еді. Бірақ той тойлаудың да, ой ойлаудың да жөні бар. Алты алаштың абызы болып қана қоймай, адамзаттың асқарынан көрінген халқымыздың ең аяулы перзенті, дана ұстазы Абай мерекесін бүкілхалықтық деңгейде лайықты өткізу мемлекет мерейі екенін ұғындыру керек болды.

Сөйтіп, Абай тойының алдында оның аруағын одан әрі ұлықтау, өмірбаяндық деректерінің көмескі парактарын қайта жаңғырту, әдеби, философиялық және музыкалық мұрасын тәуелсіздік тұрғысынан тыңнан пайымдау, әлемдік деңгейде кеңінен таныту бағытында іргелі жұмыстар атқарылды. Ұлы ақын шығармаларының алғаш рет жан-жақты текстологиялық сарптамадан өткен екі томдық академиялық жинағы, «Абай» энциклопедиясы жарық көрді. Абайдың өмірі мен шығармашылығын тұтас қамтитын «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі құрылды.

Жидебайда үш жүз алыпс әулиелі мекен Маңғыстаудан әкелінген ұлутастардан ақшақан күмбезді Абай-Шәкәрім кесенесі тұрғызылып, оның ашылу рәсімінде бұл орынның енді әр қазақ үшін рухани Меккеге айналғанын атап өттім.

Алатаудың жан-жағы тіп-тік құлама құздармен қаусырылып, заңғар басына бұлт қонақтаған Абай шыңына көтеріліп, ақын рухына тағзым еттім. Ұлы ақынның өз халқымен бірге адамзаттың биігінен көрінгені тіледім.

Сол жылы Абайға арналған салтанатты іс-шаралар Түркияда, Ресейде, Қытайда, Францияда, Венгрияда, Үндістанда, Мысырда, Украинада, Қырғызстанда болып өтті. Лондонда Абай үйі ашылды. Ұлы ақынның

әлем елдері руханиятының табалдырығынан аттап, бұрын көз көрмеген көкжиектерге енді ешкім тосқауыл қоя алмайтын мәңгілік сапары басталып кетті.

Абайдың 150 жылдығы аталып өткеннен бергі уақыт ішінде дүние жүзінің бірқатар елінде оның құрметіне көше аттары беріліп, Ренн (Франция), Будапешт (Венгрия), Каир (Мысыр), Мәскеу (Ресей), Ыстанбұл (Түркия), Бейжің (Қытай), Ташкент (Өзбекстан), Тегеран (Иран), Баку (Әзербайжан), Витебск (Беларусь) қалаларының көрнекті орындарында ескерткіштер мен мүсіндер қойылды. Ретінше 2006, 2013 жылдары Мәскеу мен Ташкентте орнатылған Абай ескерткіштерінің телтасын Ресей Федерациясының президенті В.Путинмен және Өзбекстан Республикасының тұңғыш президенті И.Каримовпен бірге қылды.

XX ғасырдың екінші оңжылдығында, дәлірек айтқанда, 1913 жылы ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» дей келе, соған қарамастан Абайдың есімін тек Семей мен Ақмола облыстарының қазақтары ғана білетінін, ал дүниеден қайтқан соң жарық көрген жалғыз кітабы ел ішіне кеңінен таралмай жатқаны туралы қыжыла жазған еді. Қарап отырсақ, содан бергі бір ғасырдың көлемінде **бірте-бірте ұлы ақынның даңқы жер жүзінде әйгілі болатындай деңгейге жетіппіз. Ол алдымен, әлбетте, Абайдың төндесі кемеңгерлігінің, содан соң тәуелсіз мемлекеттігіміздің арқасы.**

Абай қаншама тас қапас заманда өмір сүрсе де, болашаққа үмітпен көз тікті. Ол өлеңдерінде «жана өсірім, көк өрім», «тілеуі, өмірі алдындағы», «көкірегі сезімді, тілі орамды» жастарға үлгі бермек үшін гирбат айтты. «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» дей отырып, «дүние де өзі, мал да өзі, ғұлымға көңіл бөлсеңіз» деген тағылымын үйретті. Батыс пен Шығыстың ілімін толық игерген Абайдың өнегесін ескере отырып, тәуелсіз мемлекеттіміздің жастары арасынан халықаралық стандарттарға сай, білімі мен білігі жоғары мамандар даярлау мақсатымен «Болашақ» президенттік стипендиясын тағайындадық. Соның арқасында ұлы ақын өмір сүрген заманда «интернатта оқып жүрген» қазақ баласының ұрпақтары ХХ және ХХІ ғасырлар тоғысында әлемнің ең таңдаулы университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Ұлы Абайдың 175 жылдығы биыл адамзатқа қатер төндіріп, коронавирус індеті жайлаған уақыттан тұспа-тұс келіп қалды. Аталған дертін зардабы жер жүзіндегі мемлекеттердің ешбірін айналып өткен жоқ. Бірақ жарқын келешекке деген сенім мен сыйнарлы әрекеттің арқасында бұл уақытша қиындықты да еңсеретін боламыз. Абайдың сөзіне жүгінесек: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келсеуші ме еді?». Лайым солай болсын!

Абайдың сөзі мен ойы біздің күнбе-күнгі тірлігімізге, өркениетімізге кірпіш болып қаланып, бүгінгі өркенет пен алдағы болашақ талабына лайық ұмтылыстарымыздан және ігі істерімізден нақты көрініс табатынына кәміп сенемін.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

Білім, біліктілігімен ерекшеленіп, өз қызметіне деген адалдығымен сый-құрметке бөленген мамандардың бірі – Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүдделерге, арақараларға және аз қамтамасыз етілгендерге әлеуметтік және материалдық көмек тазайындау секторының меңгерушісі Сәуле ТҰТҚЫШОВА.



Кенжегүл Айсақовалар әлеуметтік қызмет саласының бір-бір тұтқасына айналып отыр.

Биыл қазан айында алпыстың асқарына қадам басқан ол ағайын-туыс, жора-жолдас, ұжымы арасында да зор құрмет пен беделге ие. Сәуле Мағауқызы 1978-1983 жылдар аралығында Жезқазған педагогикалық институтында физика және математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алды. 1978 жылы алғашқы еңбек жолын Ақшатау кен байыту комбинатында сылақшы болып бастады. Оқуын ойдағыдай тәмамдаған соң есеп-қисап саласында түрлі қызметтер атқарды. Әлеуметтік салада 1986 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан ол өзіне осынау қиындыққа толы, әр цифры аса ауыр жауапкершілік жүгін арқалайтын қызметте оң мен солды танытып, барлық ұсақ-түйекті егжей-тегжейлі үйреткен ұстазы Айша Елемісоваға мәңгі алғысын айтады.

– Анамдай қамқор, әпкемдей жанашыр болған Айша Елемісқызы бірге жұмыс істейтін қызметкерлермен, алдыма көмек сұрап келген тұрғындармен қалай тіл табысуды, басылық тапсырмаларын желді әрі нақты орындауды, хаттарға дұрыс жауап беруді үйретті. Маған сенім артты. Жігерімді жасытпай, қажет кезде қол ұшын созды, қателерімді түзеді. Менің бүгінгідей

дәрежеге жетуіме осы кісінің үлесі зор. Сол үшін оның алдында басымыды иемін. Бұл салада бос уақыт деген болмайды. Соған қарамастан мен өз ісімді шексіз сүйемін, – дейді Сәуле Мағауқызы.

Жезқазған облыстық зейнетақы төлеу орталығына басшылық еткен кездерін, облыс бойынша 80 000 зейнеткердің зейнетақысын тура есептеп, уақытылы төлеп отыратын кездерін өз қызмет жолындағы қызығы мен шыжығы мол жылдарына байлайтын Сәуле ханым бүгінгідей компьютер жоқ, барлық құжатты қолмен жазып, реттейтін кездерін сағынышпен еске алды.

Жезқазған облысы тарағаннан кейін Жезқазған қалалық әлеуметтік қорғау мекемесіне бас маман болып ауысты. Табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында бірқатар басшылық қызметтерді атқарды. Ол қай қызметте болмасын өзіне ғана тән ерекше басқару үлгісі мен жұмыс істеу стилін көрсетіп, өз ұжымын ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа тәрбиеледі. Ұйымдастырушылық қырын танытты. Бүгінде Сәуле Мағауқызының мектебінен өткен Гүлсім Аймақова, Зайра Қабашова, Гүлсім Серікбаева, Бақыт Өміртаева, Әсем Қарабаева, Азлау Бейсенбаева, Ләззат Жандарбекова,

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ



ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа күрес туралы» Заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ, жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

Еліміз ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған бірінші және бірден-бір мемлекет. Мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмыстарының нысандылығы мен тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері Елбасының жеке бақылауында тұрғандығына негізделген. Сыбайлас жемқорлықтың өзекті мәселелері, оның пайда болуы, онымен күрес жүргізудің қылмыстық-құқықтық құралдары қызу пікір таластарын тудыру үстінде.

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналдырған жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауды да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, зансыз әрекеттермен



қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі – халықтың өзіне. Жемқорлықтың алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс.

Осыған орай, Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуда. Басқарма қызметкерлерімен бірге техникалық оқытулар өткізіледі, басшылар тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында тұрақты түрде нұсқаулық жүргізіледі. Қазынашылық басқармасында мамандардың кәсіби деңгейлерін арттыру мақсатында тиісті нормативтік-құқықтық актілерді, оларға келген өзгерістер мен қосымшаларды оқу жұмыстары алға қойылған. Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің нығайту жолында, өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

Роза ШЕРТАЕВА,
Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы
басшысының орынбасары

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫН ТАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанда жариялаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында еліміздің зайырлы мемлекет екендігі, біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін қандай да бір ұстанымдар мен нормаларды түрлі жолдармен тықпалайтын әрекеттерге жою берілмейтіндігі атап көрсетілген болатын. Бұл – қоғамымызды зайырлылық қағидастарына негіздей отырып дамыта түсу барысында басты қаперге алатын мәселе.

Зайырлы мемлекет пен қоғам бұл – біздің тарихи жолымыз. Зайырлы дегеніміз бұл – озық, толерантты қоғам.

Зайырлы мемлекетімізде дін мен қоғам арақатынасын, діни құндылықтардың қоғамдық өмір мен санадағы орнын зерделеу арқан өзекті. Дін адам бостандығы мен құқығын, ұлттық құндылықтар, ұлттық мәдениетпен бірге жасайды. Зайырлы қоғамда дін адамгершілік, рухани қызмет атқарады. Сол септепті зайырлы қоғамда әлемдік және дәстүрлі діндердің құндылықтарын ғылыми және зайырлы

тұрғыдан терең түсініп, танып білу өте маңызды. Адамның санасында діни және ұлттық сезімдер әрдайым тығыз астасып жатады. Сол санада сақталған салт-дәстүрлердің орны айрықша. Елбасы айтқандай, саясат күнде өзгереді, ал дін – мәңгілік! Қанша ғасырлар өтіп, қаншама қоғамдық формациялар өзгерсе де, діни құндылықтар сол күйі қалады да, ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз ауысып отырады. Жалпы қазақты рухани құндылықтары мен салт-дәстүрлерінің басым бөлігі шарығатқа қайшы келмейді. Діни белгілі бір қоғамнан бөлу ол халықтың

болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне қайшы дүние. Ел ынтымағы мен тұтастығына нұқсан келтіретін діни бірлестіктерге мемлекет тарапынан тоқтам салу зайырлылық қағидастарының бұзылғанын білдірмейді. Жұртшылық мұның ішкі мәнін ел қауіпсіздігі мен татулығын сақтау мәселелерімен қатыстыра отырып саралағаны жөн.

Қорыта айтқанда, зайырлылық ұстанымы Қазақстандық қоғамның және мемлекетіміздің рухани дамуының кепілі болады.

Ізтөлеу ТҮСПОВ


ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

«ҮЗДІК БИЗНЕС ЖОБА-2020» БАЙҚАУЫ ӨТЕДІ

«Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы» КММ Жезқазған қаласы бойынша жаңа бизнес ашу немесе бұрыннан бар бизнесті дамыту мақсатында жас кәсіпкерлер арасында «Үздік бизнес жоба-2020» байқауын жариялайды.

Өтініштер «Әкім грантына» деген атаумен 2020 жылдың 20 қазанына дейін қабылданады.

Анықтама үшін: 8 7102 73 51 97.



ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР АРАСЫНДА «ҮЗДІК БИЗНЕС ЖОБА-2020» БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер:

1.1 Жас кәсіпкерлер арасындағы «Үздік бизнес жоба» қалалық байқауын (бұдан әрі – конкурс) Жезқазған қаласының жастары үшін жаңа бизнес ашу немесе бұрыннан бар бизнесті дамыту мақсатында «Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы» КММ өткізеді.

1.2 Конкурс туралы ереже мақсаттарды, міндеттерді, конкурстық қатысу шарттарын, мерзімдерін, оған қатысуға өтініш беру тәртібін, жеңімпаздарды марапаттауды, бағалау критерийлерін және конкурстық қатысушылардың бизнес-жобасының құрылымын анықтайды.

1.3. Байқау комиссиясы байқаудың қорытындысын шығарады.

2. Мақсаттары мен міндеттері:

2.1 Конкурсның мақсаты – Жезқазған қаласындағы (Кенгір, Талап, Малшыбай ауылдарын қоса алғанда) жастар кәсіпкерлігі субъектілерінің қызметін қолдау және ынталандыру.

2.2 Байқаудың міндеттері:

- жастарды Жезқазған қаласының экономикасы үшін басым бағыттау бойынша бизнес-жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысуға қолдау көрсету және ынталандыру;
- жастар кәсіпкерлігінің іскерлік белсенділігін дамыту;
- жастардың бизнес мәселелері бойынша білімі мен кәсіби шеберлігін арттыру.

3. Байқауға қатысу шарттары:

3.1. Конкурсқа жастар кәсіпкерлік субъектілері қатыса алады: Жезқазған қаласында тіркелген және жұмыс істейтін (Кенгір, Талап, Малшыбай ауылдарын қосқанда), шағын және орта бизнес саласындағы заңнамада белгіленген шарттарға сәйкес келетін, кәсіпкерлік қызметпен айналысатынын растайтын құжатты ұсына отырып (ИП, ЖШС) ЖШС және жеке тұлғалар (ЖК).

3.2. Қатысушылар – 30 жасқа толмаған адамдар, 1-қосымша мен 2-қосымшаға сәйкес бизнес-жобаларды, CD-дискідегі бейне презентациялар мен басқа да растайтын құжаттар ұсынуы керек.

3.3. Конкурсқа ИП, ЖШС атынан қатысатын адамдарға қатысуға тыйым салынады:

- алкогольді және құрамында спирт бар өнімдерді, оның негізінде дайындалған сыра мен сусындарды, сондай-ақ темекіні, темекі бұйымдарын, темекі шегуге арналған аксессуарларды өндіру немесе айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асыру;
- құмар ойындарды ұйымдастыру немесе өткізу;
- биылғы жылы грант алғандар (БҰҰДБ, ZhasProject және т.б.).

3.4. Бизнес-жобалар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде қабылданады.

4. Сыйлық мөлшері:

4.1. Комиссия үміткерлерге сыйақы мөлшерін жобаның бағыты мен құнына, сондай-ақ қаралатын жобалардың санына байланысты өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Сыйлықтың жалпы сомасы 5500000 теңгені құрайды.

5. Байқаудың тәртібі мен кезеңдері

5.1. Байқау 3 кезеңде өтеді.

5.1.1 Бірінші кезең – Конкурсқа қатысу үшін өтініштер қабылдау және құжаттар пакетін жинау.

Өтініштер мен құжаттар пакеті 2020 жылдың 20 қазанына дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: **Жезқазған қ., Алаш алаңы 1, 311 бөлме, маман Әріра Ақтоқын Ермекқызы (87102-73-51-97).** Байқау туралы ережеге 1-қосымшаға және 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша «Әкімнің грантына» деп белгіленіп, құжаттар тізімдемемен бірге түптеу қағазында беріледі.

Қатысушылар берген ақпаратты олардың жазбаша келісімсіз өтініш берушінің конкурстық бағасынан басқа мақсаттарда пайдалану мүмкін емес.

5.2.2. Екінші кезең – конкурстық комиссияның жобаларды бағалауы, оның барысында мыналар жүзеге асырылады:

- ұсынылған бизнес-жобалардың сараптамалық бағасы;
- қорытындылау және байқау жеңімпаздарын анықтау.

5.2.3. Үшінші кезең – байқау жеңімпаздарын марапаттау.

6. Байқаудың қорытындысын шығару

6.1. Кәсіпкерлік жобалар бойынша сараптама мен қорытындыны мемлекеттік органдардың, бизнес құрылымдардың, ҰЕҰ, Жезқазған қаласының депутаттық корпусы өкілдерінен құрылған комиссия жүзеге асырады.

6.2 Конкурсның қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды анықтау 2020 жылдың қараша айының соңында жүзеге асырылады.

6.3. Конкурсқа жеңімпаздарды анықтау конкурстық туралы ереженің 7 бөліміне сәйкес критерийлер бойынша жүзеге асырылады.

6.4. Байқау нәтижелері бойынша «Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы» КММ мен байқау жеңімпаз арасында бизнес-жобаның мақсаттарына сәйкес міндеттемелерді орындау туралы келісімшарт жасалады.

7. Бизнес-жобаларды бағалау критерийлері:

7.1. Байқау жеңімпаздары келесі өлшемдер бойынша анықталады:

- бизнес-жобаның өзектілігі және оның қаланың экономикалық дамуына әсері;
- бизнес-жобаның жүзеге асырылуының жоспарланған мерзімі;
- жаңадан құрылған (құрылған) жұмыс орындарының саны;
- бизнесті одан әрі дамыту перспективалары;
- кәсіпкерлік негіздері бойынша құрсты аяқтағаны туралы сертификаттың болуы құпталыды.

1-қосымша

Жас кәсіпкерлер арасында өтетін «Үздік бизнес жоба» байқауына қатысу үшін ӨТІНІШ

Байқауға қатысушы туралы ақпарат
Заңды тұлғаның толық атауы (жеке кәсіпкердің толық атауы): ЖСН / БСН
Ұйымның пошталық мекенжайы, телефон, , e-mail
Ұйым басшысының толық аты-жөні: телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы.

Мен, Т.А.Ж., жас кәсіпкерлер арасында өтетін «Үздік бизнес жоба» байқауының ережеде көрсетілген шарттарымен толық келісемін.

_____ 2020 ж.
Күні Қолы Т.А.Ж.

Өтініштер:

1. Жеке куәлік (көшірме);
2. Заңды тұлғаны (жеке кәсіпкерді) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, көшірмесі;
3. Мекенжайы туралы анықтама
4. Бизнес-жоба _____ бетте;
5. CD-дискідегі бейне презентация (2 минуттан аспау керек);
6. Өтініш берушінің қалауы бойынша қосымша материалдар (жарнамалық ақпараттар, фотосуреттер және т.б.).
7. Жобаға құқықты растайтын құжаттар, сондай-ақ жалдау шарттары (көшірмесі).

2-қосымша

БИЗНЕС-ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ МЫСАЛЫ

1. Жобаның қысқаша мазмұны
2. Жобаның тұжырымдамасы
3. Қызметтің қысқаша сипаттамасы (сіз қандай тауарлар мен қызметтерді ұсынасыз, қысқаша сипаттама)
4. Өндірістік бағдарлама
5. Маркетинг жоспары
6. Техникалық жоспарлау (мұнда өндірістік процесс, жабдықтар мен инвентарлар, байланыс инфрақұрылымы жүзеге асырылады)
7. Ұйымдастыру, басқару және персонал
8. Жүзеге асыру жоспары
9. Жобаны жүзеге асыруға арналған жалпы шығындар (Жоба бюджеті: шығын баптары, мерзімдері, меншікті қаражаты, басқа көздерден жарналар, сұралған сома).
10. Жобаның өзектілігі (күгілетін нәтижелер)
11. Жобаның әлеуметтік-экономикалық маңызы. Жобаның тұрақтылығы.

Жетекші _____
(қол) (қолдың шифрлануы)
МР (егер бар болса)
« _____ » 2020 ж.

DÜISENBI

12 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Könül toqaynu», 6:15 «Mäscel», 7:00 «TÄNŞHOLPAN», 10:00 «Kelin әни», 12:00 «NIET», 13:35 «Жадыгер», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:05 «Арпа», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен», 18:00 «КЕЛИН ӨННІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAŃ», 21:30 «ҚАНАТ-СЫЗ КҮСТАР-2», 22:30«ФАТМАҒҮЛ», 0:00 «Жүзден жүйірі», 1:30 AQPAPAT, 2:00 «Ashyq alaŃ», 2:50 «Niет».

ХАБАР

6:00 «Тамаша», 7:15 «Удәчная сәлқә», 9:15 «Qalataimyn», 10:20 «Бәқталас», 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманов», 13:10 «Чужое гнездо», 14:00 «Дети сестёр», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келинжан 2», 17:00 «Qalataimyn», 18:00 «Удәчная сәлқә», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Баспаңа бағыт», 21:00 Итоги дня, 21:40 Ток-шоу «Ха-

SEISENBI

13 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өркенітеі», Д.ф. 6:30 AQPAPAT, 7:00 «TANŞHOLPAN», 10:00 «Kelin әни», 12:00 «NIET», 13:35 «ҚАЙСАР ЖАН», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:05 «Жарқын жүздеу», Ток-шоу, 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен...», 18:00 «КЕЛИН ӨННІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAŃ», 21:30 «ҚАНАТ-СЫЗ КҮСТАР-2», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 AQPAPAT, 0:35 ФУТБОЛ. ГЕРМАНИЯ - ШВЕЙЦАРИЯ, 2:45 «Ashyq alaŃ», 3:35 «Қайсар жан».

ХАБАР

6:00 «Тамаша», 7:15 «Удәчная сәлқә», 9:15 «Qalataimyn», 10:20 «Бәқталас», 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен», 13:10 «Чужое гнездо», 14:00 «Дети сестёр», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келинжан 2», 17:00 «Qalataimyn», 18:00 «Удәчная сәлқә», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Народный контроль», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Келинжан

SÄRSENBI

14 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өркенітеі», Д.ф. 6:30 AQPAPAT, 7:00 «TANŞHOLPAN», 10:00 «Kelin әни», 12:00 «NIET», 13:35 «КОЛДАУ - 2020», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:10«АУЫЛДАСТАР», 16:45 «БАЙ МҮРА-СЫ», Д.ф. 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен...», 18:00 «КЕЛИН ӨННІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAŃ», 21:30 «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР-2», 22:30«ФАТМАҒҮЛ», 0:05 ФУТБОЛ. УЕФА УЛТТАР ЛИГИСЫ. МАТЧ ҚАРСАҢЫНДА. 0:35 ФУТБОЛ. БЕЛАРУСЬ - КАЗАҚСТАН, 2:45 AQPAPAT, 3:20 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Тамаша», 7:15 «Удәчная сәлқә», 9:15 «Qalataimyn», 10:20 «Бәқталас», 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен», 13:10 «Чужое гнездо», 14:00 «Дети сестёр», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келинжан 2», 17:00 «Qalataimyn», 18:00 «Удәчная сәлқә», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30

BEISENBI

15 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өркенітеі», Д.ф. 6:30 AQPAPAT, 7:00 «TANŞHOLPAN», 10:00 «Kelin әни», 12:00 «NIET», 13:35 «Жадыгер», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:15 «АУЫЛДАСТАР», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен...», 18:00 «КЕЛИН ӨННІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAŃ», 21:30 «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР-2», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 AQPAPAT, 0:35 «Ashyq alaŃ», 1:30 «Niет», 2:55 «Дала өркенітеі», 3:20 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Тамаша», 7:15 «Удәчная сәлқә», 9:15 «Qalataimyn», 10:20 «Бәқталас», 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманов», 13:10 «Чужое гнездо», 14:00 «Дети сестёр», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келинжан 2», 17:00 «Qalataimyn», 18:00 «Удәчная сәлқә», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Народный контроль», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Келинжан

JUMA

16 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өркенітеі», Д.ф. 6:30 AQPAPAT, 7:00 «TANŞHOLPAN», 10:00 «Kelin әни», 12:00 «NIET», 13:35 «ИМАН ӨЗГЕГІ», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:00 «АУЫЛДАСТАР», 16:35 «АТАМЕКЕН», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қымбат жандар», 18:00 «КЕЛИН ӨННІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAŃ», 21:30 «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР-2», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 «PARASAT MAIDANY», 0:30 AQPAPAT, 1:05 «Ashyq alaŃ», 1:55 «Niет», 3:20 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Тамаша», 7:15 «Удәчная сәлқә», 9:15 «Qalataimyn», 10:20 «Бәқталас», 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен», 13:10 «Чужое гнездо», 14:00 «Дети сестёр», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келинжан 2», 17:00 «Qalataimyn», 18:00 «Удәчная сәлқә», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:40 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарман-

SENBI

17 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өркенітеі», Д.ф. 6:30 «Ғасырлар үні», 7:00 AQPAPAT, 7:30 «Дала ойындары». М.х. 8:35 «AQSAҮҮТ», 9:00 «Ауылдастар», 10:00 «Kelin әни», 12:00 «NUR TILEY», Сұхбат, 12:50 «КҮМІС КОМЕИ», 13:40 «Атамекен», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Тен-тенемі», К.ф. 17:10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ», 18:00 «КЕЛИН ӨННІ», 20:00 «MÄSELE», 20:40 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ», Музыкалық талант-шоу, 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 23:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ», 23:15 «ФАТМАҒҮЛ», 23:40 «AIDARMAN», 1:20 «Mäscel», 2:00 «Nur Tiley», Сұхбат, 2:45 «Күміс комей», 3:35 «Parasat maidany»

ХАБАР

6:00 «Дуа-дұман», 7:10 «Сені ұмытқан жоқпын» атты А. Бегелдин шығармашылық кеші, 9:00 «Өмір-өзі тану», 9:10 «Discovery. Связь черноточну с Морганом Фриеном», 10:10 «Q-бренд», 10:20 Сказка, «Варвара краса – длинная коса», 11:50 «Alytysta», 13:30 «Көкжәл».

JEKSENBI

18 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Ұлттық арнада – ұмытылмас әндер», 7:15 «Ертемір», М.х. 7:55 «Сағындырған әндер-ай», 9:00 «Атамекен», 9:25 «Ауылдастар», 10:00 «Kelin әни», 12:00 «ҚИМБАТ ЖАНДАР», 12:50 «Күлтегін», М.ф. 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «АЖАЙЫП ӨЛКЕ», 15:45 «Егіз лебиз», 18:00 «КЕЛИН ӨННІ», 20:00 «АРТА», 20:50 «ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 23:25«KÖŃİLDİ TAQPQYRAR », 0:55 «Арта», 1:45 «Қымбат жандар», 2:30 «Ғажайып өлке», 3:00 «Атамекен», 3:20 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Отаным десем...» атты Д. Танатаровтың концерті, 7:50 «Самопознание», 8:00 Профессор Николай бокс. Василий Ломаченко – Теофило Лопес, 10:30 «От моего сердца» Т. Шарманов, 11:40 Кино, «Иван Васильевич меняет про-

фессор», 12:50 «Келинжан 2», 23:30 «Бәқталас», 1:00 «Әсем әуен», 1:40 Док/фильм «Культура равновесия».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Кешек келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vme Time, 14:00 Новости Primaries, 14:05 Док/фильм, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 «Айтарым ба», 17:00 «Жана күн» отандық, 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 STANA TIMES, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Кешек келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандуым сені», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебіне», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шимон апаның хикаялары».

КТК

07:05 «МӨССАҒАН.КЗ», 07:50 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 08:20 «ҚАРА ТЕНІЗ», 09:50 «ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ», 10:30 «ВОПРЕКИ СУДЬБЕ», 12:45 «МСТИТЕЛЬ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 23:50 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ

2», 22:30 «Орындалмас арман», 23:20 «Бәқталас», 1:00 «Әсем әуен»

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Кешек келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vme Time, 14:00 Новости Primaries, 14:05 Док/фильм, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 «Айтарым ба», 17:00 «Жана күн» отандық, 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 5/36, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Кешек келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандуым сені», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебіне», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шимон апаның хикаялары».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «АТАЛАР СӨЗІ», 08:20 «ҚАРА ТЕНІЗ», 09:40 НОВОСТИ, 10:20 «РОЗЫСК», 12:20 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ», 14:50 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ».

«Баспаңа бағыт», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Келинжан 2», 22:30 «Орындалмас арман», 23:20 «Бәқталас», 1:00 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Кешек келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vme Time, 14:00 Новости Primaries, 14:05 Док/фильм, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 «Айтарым ба», 17:00 «Жана күн» отандық, 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 6/49, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Кешек келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандуым сені», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебіне», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шимон апаның хикаялары».

КТК

До 17.00 **Техническая профилактика**, 17.05 «ӨМІР САБАҒЫ», 18.00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21.40 «ЧЕРЕЗ БЕДЫ И ПЕЧАЛИ», 23.40 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ», 01.30 «РОЗЫСК», 02.15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 03.00-04.10 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ».

2», 22:30 «Орындалмас арман», 23:20 «Бәқталас», 1:00 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Кешек келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vme Time, 14:00 Новости Primaries, 14:05 Док/фильм, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 «Айтарым ба», 17:00 «Бұйымтай отандық», 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 ASTANA TIMES, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Кешек келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандуым сені», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебіне», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шимон апаның хикаялары».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «АТАЛАР СӨЗІ», 08:30 «ҚАРА ТЕНІЗ», 09:50 НОВОСТИ, 10:30 «РОЗЫСК», 12:30 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ», 15:00 «ЧЕРЕЗ БЕДЫ И ПЕЧАЛИ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ЧЕРЕЗ БЕДЫ И ПЕ-

мен», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Келинжан 2», 22:30 «Орындалмас арман», 23:20 «Бәқталас», 1:00 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Кешек келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vme Time, 14:00 Док/фильм, 14:05 «Профессионал» шоу, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 Док/фильм, 16:30 «Үздік әзілдер», 17:00 «Бұйымтай» отандық, 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 5/36, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Кешек келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандуым сені», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебіне», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шимон апаның хикаялары».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «АТАЛАР СӨЗІ», 08:30 «ҚАРА ТЕНІЗ», 09:50 НОВОСТИ, 10:30 «РОЗЫСК», 12:30 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ», 15:00 «ЧЕРЕЗ БЕДЫ И ПЕЧАЛИ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 20:35 «КТКweb», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40

14:30 Кино, «Иван Васильевич меняет профессию», 16:10 «Орындалмас арман», 17:00 «Казакзонерт әлемі: Бізге 60 жыл» концерті, 20:10 «Отдел журналистских расследований», 21:00 «7 күн», 22:00 «Национальный интерес с Ераном Бекхожиним», 23:20 «Көкжәл», 0:00 Профессиональный бокс. Бой за титул чемпионо Европы IBF и интерконтинентального чемпионо мира IBO. Жан Косубоуичи - Стив Вуоса...

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Әзілстан», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Кешек келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vme Time, 14:00 «1 минут» интеллектуалдық шоу, 15:00 «Q-travel», 15:30 X/ф «Батыл қадам», 17:30 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры, 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 «Үздік әзілдер», 20:55 Loto 6/49, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Кешек келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Вас Times», 2:10 Той жары, 2:35 «KazNet», 2:55 «Әзілстан», 3:15 «Ән мен әзіл», 4:00 «Не ври мне», 5:35 «Шимон апаның хикаялары».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», 07:50 «ШАТЫР АСТЫН-

фессия», 13:20 Мехатик «Неприкасаемю», 15:00 Телехика марафоны, «Келинжан 2», 18:30 «Мәжіліс.кз», 19:00 «Alytysta», 21:00 «7 күн», 22:00 «Большая неделя», 23:10 Телехика марафоны, «Көкжәл».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 7:00 «KazNet», 7:30 «Әзілстан», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 10:00 TeleBingo, 10:25 «Кешек келін», 11:55 «Сүлеймен Сұлтан», 13:25 «Ұлы ханша», 15:00 «1 минут» интеллектуалдық шоу, 16:00 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры, 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 «Үздік әзілдер», 20:45 «Аялы алақан», 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Кешек келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 К/ф «Батыл қадам», 2:40 «Әзілстан», 3:00 «KazNet», 3:20 «Ән мен әзіл», 4:20 «Не ври мне».

КТК

07:05 «ӨН МЕН ӨННІШ», 08:10 «КӨНІЛДІ ОТСАЫ», 09:00 «СМЕТЬЯСЫ РАЗРЕШАЕТСЯ», 10:10 «СУДЬБА ПО ИМЕНИ ЛЮБОВЬ», 14:30 «БАЛА ДАУЫСЫ» байқауы, 16:45 «МЕСТЬ НА ДЕСЕРТ», 21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕ-

TIRSHILIK

РУБЕЖИ», 01:40 «ВОПРЕКИ СУДЬБЕ», 03:05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 03:50-05:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ»..

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ», 06:20 «Еленген есім», 07:30 «Элиф», 08:40 «Вернисься-поговорим», 13:00 «Жалдамалы қалыңдық», 14:00 «Азулы әулет», 15:10 «Q-елі», 15:50 «Анна детектив», 17:00 «Тайны госпожи Кирсановой», 18:10 «Балабол-3», 20:20 «Жалдамалы қалыңдық», 21:20 «12 күн», 22:00 «Ата-ана. Бала-шаға», 22:25 «Элиф», 23:25 «Вернисься-поговорим», 00:25 X/ф «Я художник», 02:40 «Q-елі», 02:50 «Азулы әулет», 04:00 «Элиф», 04:50 «Өз ойым».

ДИДАР

08:00 «Гороскоп», 08:05 «Online-Фитнес», 08:15 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу», 11:15 Мультифильм, 11:35 Фильм «Махаббат аспаны», 13:30 «Бір заман» Б.Қажымұқан пен С.Жолбарыстың ән кеші, 15:00 Мультифильм, 15:10 «Жүрек тырнасы», 16:00 «Хабарландыру», 16:10 Док/фильм, 17:25 Т/х «Асыл арман», 18:00 «Неизведанный Казахстан», 18:30 «Хабарландыру», 18:45 «Квартирник TENGRI», 19:40 «Ұлы дала рухы. Рухани жаңғыру», 20:30 «Дидар», 21:00 «Сәлем», 22:00

23:50 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ», 01:40 «РОЗЫСК», 02.20-03.00 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ», 06:10 «Еленген есім», 07:30 «Q-елі», 07:50 «Элиф», 09:00 «Тайны госпожи Кирсановой», 10:10 «Балабол-3», 12:30 «Япырай», 13:00 «Жалдамалы қалыңдық», 14:00 «Азулы әулет», 15:10 «Q-елі», 15:50 «Анна детектив», 17:00 «Тайны госпожи Кирсановой», 18:10 «Балабол-3», 20:20 «Жалдамалы қалыңдық», 21:20 «12 күн», 22:00 «Ата-ана. Бала-шаға», 22:25 «Элиф», 23:25 «Вернисься-поговорим», 00:25 X/ф «Хоббит. Пустошь Смауга».

ДИДАР

08:00 «Дидар», 08:30 «Гороскоп», 08:35 «Online-Фитнес», 08:45 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу», 11:50 «Неизведанный Казахстан», 12:25 Т/х «Асыл арман», 13:00 «Дидар», 13:30 «Ұлы дала рухы. Рухани жаңғыру», 14:20 Ақбота Керімбекованың «Күгі әуені» ән кеші, 15:

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ЖАНҒА САЯ

Қоңыр күз келісімен жыл сайын қаламызда «Қазақмыс» корпорацияның қолдауымен тал егілетіні белгілі. Жылдағы дәстүрге сай биыл да жас көшеттер отырғызылды. «Экосфера» қоғамдық бірлестігінің жетекшілігімен ұйымдастырылған шараға Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының волонтерлары да белсене атсалысты.



«Экосфера» қоғамдық бірлестігінің бас ғимараты Алматы қаласында. Біз Жезқазған қалалық көпсалалы ауруханасының ауласына отырғызғанды жөн көрдік. Осы арқылы біз COVID-19 індетіне қасқая қарсы тұрып, өзгелер үшін өз бастарын бөйгеге тіккен дәрігерлерге зор құрметіміз бен қолдауымызды сездіргеміз келді. Ал қалған 20 көшет – мешіт маңына, 30-ы – қарттар үйі ауласына егіледі, – дейді «Экосфера» қоғамдық бірлестігінің Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры Фархат Жансейіт.


Кім де болса жасыл желекке оранған көркем табиғат аясында жүргісі келетіні ақиқат. Климаты шөлейтті, су көздері аз Жезқазған жерінде осындай жұмыстардың жүріп жатқаны көңіл қуантады. Осы тұста «Қазақмыс» корпорациясына айтар алғысымыз айрықша. Біз, волонтерлар қай кезде де осындай игі істердің басы-қасынан табылуға тырысамыз, – деген волонтер Ботакөз Мұхиден көшет отырғызу жұмыстары мұнымен шектеліп қалмаса екен деген тілегін де жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

КҰПИЯСӨЗДІҢ КҰПИЯСЫ



Бүгінгі таңда кез келген мобильді қосымшада қолданылатын құпиясөз, яғни парольдің қалай пайда болғанын білесіз бе? Алғашқы құпиясөздер Ежелгі Римде күзеттегі әскерлер кезек ауыстырғанда қолданылған. Ал, компьютер құрылғысындағы құпиясөзді Массачусетс техникалық университетінің өнертапқыш ғалымы Фернандо Корбото өткен ғасырдың 60-жылдары ойлап тауыпты. Ол кезде бұл идея CNSS компьютерінде құрылған жаңа бағдарламада жеке адамдар туралы ақпараттарды сақтау қажеттілігінен туындаған.

123456, password, 123456789, 12345, 12345678, qwerty, 1234567, 111111, 1234567890, 123123, abc123, 1234, password1, iloveyou, 1q2w3e4r, 000000, qwerty123, zaq12wsx, dragon, sunshine, princess, letmein, 654321, monkey, 27653, 1qaz2wsx, qwertyuio, superman, asdfghjkl әлем бойынша ең жиі қолданылатын құпиясөздер екен. Сонымен қатар өзіндік немесе туған-туыстарыңыздың да туған күні мен, ай, жылын қолданбағаныңыз абзал. Себебі, бұл құпия сөздерді тауып алу өте оңай. Құпиясөз енгізгенде тек цифрларды қолданудан да аулақ болыңыз. Мысалы, қысқаша 5 цифрды қолданыңыз делік. Хакерлер бұл құпиясөзді арнайы компьютерлік жүйемен 1-2 сағат ішінде тауып алады. Яғни, бұл жүйе 5 цифрды максималды түрде 100 комбинация орындау арқылы тауып алуға қауқарлы. Яғни, 10 цифр қолдансаңыз компьютер 200-300 рет сандардың орнын ауыстырып көреді

де құпиясөзді ашып алады және компьютер мұны адамға қарағанда шапшаң түрде есептеп шығарады. Белгілі бір мағынаға ие сөздік қордағы сөздерді де қолданудан аулақ болыңыз. Компьютер сөздерді де тез тауып алады. Енді не істеу керек? Құпиясөзіндік жан баласы таба алмау үшін цифрлар мен әріптерді араластыра отырып, 10-нан артық символды қолданыңыз. Көбіне құпиясөзге ағылшын әліпбиі қолданылады. 6krwfox657dfj – осындай құпиясөзді қолданыңыз делік. Дегенмен бұл жерде «fox» – түлкі деген мағынаны білдіретін сөздер де кетіп қалды. Бұл да жарамайды. Кез келген құпиясөз ішінде кішкентай болса да арнайы мағынаға ие сөзді қолданбаңыз. Құпиясөз қаншалық қиын болса – сіздің қауіпсіздігіңіз де жоғары деңгейде қорғалады. Құпиясөзді тіптен есте сақтай алмай жатсаңыз аса қатты білдірмей қойын дәптеріңізге түртіп алыңыз.

Өзіңіз жайлы ақпаратты қорғау үшін мына ережелерді есте сақтаңыз. Құпиясөзді жан баласына айтпаңыз және өзге құрылғыларда сақтап кетпеңіз. Сонымен қатар, оны жиі ауыстырып отырыңыз. Бір құпиясөзді бірнеше қызмет түрінде қолданбаңыз. Сосын күдікті сілтемелерді басып, өзіңіз туралы сұраған ақпараттарды, мысалы жеке бас куәлігі нөмірін, ЖСН-ді, телефон нөмірі мен электронды пошта мекенжайының, оның құпиясөзін, банк карточкалары нөмірін жазудан аулақ болыңыз. Тағы бір айта кететін жайт, кез келген мобильді қосымшаларды электронды пошта мекенжайымен байланыстырып қойыңыз. Осының арқасында әлдекім сіздің құпиясөзіңізді бұзуға талпынса, электронды пощаныңа дереу хабарлама келетін болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



РЕПЕТИТОР ІЗДЕСЕҢІЗ...

«ZHEZU EDUCATION» – сіздің мектеп пәндері бойынша басты көмекшіңіз. Мұнда Жезқазған қаласының ең үздік ұстаздары сабақ береді. «ZHEZU EDUCATION» – арнайы пәндер бойынша даярлайтын репетиторлар ұжымы. Сіз Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) немесе оқу жетістіктерін сырттай бағалауға (ОЖСБ) дайындық бойынша өзіңіз таңдаған репетитор маманның көмегіне жүгіне аласыз. «ZHEZU EDUCATION» жұмысының басты артықшылығы – сіздермен білімді де білікті, мол тәжірибеге ие ғылым кандидаттары мен магистрлері, сондай-ақ, үздік оқытушылар жұмыс істейтін болады. Біз үшін әр оқушы маңызды. Кез-келген тақырыпты егжей-тегжейлі және қолжетімді түрде түсіндіреміз. Барлық сұрақтарға жауап береміз. Біз нәтижелі жұмыс істейміз және оқушыларға сапалы білім береміз. Біздің мақсатымыз – білім шырағын жағу! Өзіңізге қажетті пәнді таңдаған соң бізге хабарлама жіберіңіз. Оқу жұмыстары 10 қыркүйектен басталады. Төлеуі: WhatsApp – 87478052553 / Instagram – zhezu_education, жедел-желі – 87770382152, 41-04-617.

«ZHEZU EDUCATION» – сіздің мектеп пәндері бойынша басты көмекшіңіз. Мұнда Жезқазған қаласының ең үздік ұстаздары сабақ береді. «ZHEZU EDUCATION» – арнайы пәндер бойынша даярлайтын репетиторлар ұжымы. Сіз Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) немесе оқу жетістіктерін сырттай бағалауға (ОЖСБ) дайындық бойынша өзіңіз таңдаған репетитор маманның көмегіне жүгіне аласыз. «ZHEZU EDUCATION» жұмысының басты артықшылығы – сіздермен білімді де білікті, мол тәжірибеге ие ғылым кандидаттары мен магистрлері, сондай-ақ, үздік оқытушылар жұмыс істейтін болады. Біз үшін әр оқушы маңызды. Кез-келген тақырыпты егжей-тегжейлі және қолжетімді түрде түсіндіреміз. Барлық сұрақтарға жауап береміз. Біз нәтижелі жұмыс істейміз және оқушыларға сапалы білім береміз. Біздің мақсатымыз – білім шырағын жағу! Өзіңізге қажетті пәнді таңдаған соң бізге хабарлама жіберіңіз. Оқу жұмыстары 10 қыркүйектен басталады. Төлеуі: WhatsApp – 87478052553 / Instagram – zhezu_education, жедел-желі – 87770382152, 41-04-617.

ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ


ЕЛ ЕРЛЕРІН ҰҰМЫТПАУЫ КЕРЕК

Жақында «Кәусар» баспасынан шыққан «Аманат» кітабы қолыма тиді. Тарихтан сыр шерткен кітап өскелең ұрпақ үшін құнды еңбек деп санаймын.

Ел аузында «Төрт босаға» туралы, Қадір би, Шегір би, Бабыр би, Сандыбай батыр туралы көптеген деректер кездеседі. Ерте кезде ел ақсақалдары бұлар туралы әркез айтып отыратын. Мысалы, Сандыбай батыр туралы мынадай дерек бар. Сол ғасырлардағы қан құйлы соғыстардың бірінде біздің елдің батырларын Қоқан батыры жекпе-жекке шақырады. Сол уақытта қарсы тарап батырымен айқасқа Барлыбай хан өзі шықпақ болып қолданады. Сонда ханның алдына жасөспірім Сандыбай келіп рұқсат сұрайды. Хан келісімін алған соң Сандыбай батыр қарсыласына:

– Екі көзің менде, артыңдағыны қайтесің? – дейді. Сонда қарсылас Қоқан батыры артқа қарай мойнын бұра берген сәтте Сандыбай найзасын алып оның шықыртайына тығып, атынан аударып кеп жіберген екен.

Бұл – ел аузында жүрген көп аңыз-әңгіменің бірі. Халық арасында Ерден сұлтан жайында да әңгімелер жеткілікті. Айнакөл-Түзкөл аймағында Ерден батыр турасында мына бір аңыз бар. Ерденнің батылдығы соншалық ол



Айнакөл жағасында жолбарыспен де айқасып, жыртқышты жайратып салған екен. Содан бастап Ерденге халық батыр атағын берген. Бұл туралы Батырбек Мырзабеков жақында жарық көрген «Аманат» кітабында біраз құнды мағлұматтар келтірген екен. Келер ұрпаққа бабалар тарихын насихаттап жүрген Батырбекке қаламың мұқалмасын деген тілегімді айтқым келеді

Амангелді ЗӘМЕКБАЕВ,
зейнеткер

ЭКОСОФИЯ

Бозторғайдың шырылы

Жерді топан су басқан соң, Нұх пайғамбар үлкен кеме жасайды. Кемеге жан-жануар мен жеміс-жидектің дөнін толтырып жинайды. Бірақ кемеге Ібіліс те жасырын кіріп кеткен еді. Ол әркімді азғырып, үнемі бүлік шығарып жүреді екен. Бірде қорапта жатқан жүзім ұрығын ұрлап алады.

Нұх қанша іздесе де, жүзімнің дөнін таппайды. Хайуандардан сұраса, ешқайсысы көрмеген. Ол:

– Әй, Ібіліс, жүзімнің дөнін алған сен бе? – деп сұрайды.

– Жоқ. Оны қайтем? Жүзімді торғай жеп отырған, мен көрдім, – деп өтірікті соғып жібереді. Барлық хайуан торғайға жыбылып, дүрсе қоя береді. Бейшара торғай «шыр-шыр» етіп ұшып, жаны қалмай ақталады. Тіпті, булығып жылап жібереді. Нұх Ібіліске қарап:

– Әй, залым, өтірік айтуды қоймайсың. Торғай жүзімді жемеген. Мен оған сенемін, – деп торғайдың басынан сипайды. У-шу басылып, жануарлар торғайдан кешірім сұрапты.

Өзінің кінәсін халін айттып, «Бозторғайдай жаны шырылдады» деген сөз осы аңыздан тәмсіл болып жеткен екен.

Пайғамбардың жақтасы

Бір заманда Мұхаммед пайғамбарды дұшпандары өлтірмекші болады. Пайғамбар олардан қашып, бір үңгірге тығылады. Қаскөйлер ізінен қуып жетеді. Сол сәтте Құданың күдіретімен үңгірдің аузына бір өрмекші келіп, өрмек тоқиды. Бір кептер ұя салып, жұмыртқа басып үлгереді.

Залымдар ізге түсіп, үңгірді дәл табады. Бірақ, пайғамбардың онда тығылғанына күмәнданады. Себебі өрмекшінің торы үзілмеген, кептердің ұясы бұзылмаған еді. Олар үңгірдің аузын әрі-бері кезіп, кейін қайтады. Осылайша өрмекші мен кептердің арқасында асыл пайғамбар аман қалады. Пайғамбар үңгірден шыққан соң, өрмекші мен кептерге батасын беріпті. Содан бастап өрмекші киелі жәндікке айналыпты.

«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан

ДИАБЕТИ БАР ПАЦИЕНТТЕРГЕ ЖАДЫНАМА

CORONA VIRUS2020/KZ

Ауру жағдайына дайын болыңыз



Глюкоза деңгейін бақылауға ерекше назар аударыңыз. Тұрақты бақылау қандағы глюкозаның жоғары немесе төмен деңгейінен туындаған асқынуларды болдырмауға көмектеседі.



Сізге жеткілікті тағам мөлшері бар екендігіне қол жеткізіңіз.

Кез келген инфекция глюкоза деңгейін көтереді және сұйықтық қажеттілігін арттырады, сондықтан сізде су қоры жеткілікті екенін анықтап алыңыз.



Егер сізде ЖРВИ белгілері байқалса (жоғары температура, жөтел, тыныс алу қиындаса), дәрігермен кеңесу маңызды.

Егер сіз қақырықпен жөтелсеңіз, бұл инфекцияның бар екендігін көрсетуі мүмкін, сондықтан дереу медициналық көмекке жүгініп, емделу үшін дәрігерге қаралуыңыз керек.

Қандағы глюкоза деңгейі күрт түсіп кетсе, жағдайды түзете алатындығыңызға көз жеткізіңіз.



Қант диабетінен сізге қажетті дәрілердің жеткілікті мөлшері бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер сіз өзіңізді бірнеше аптаға оқшаулайтын болсаңыз, өзіңізге нақты не керек болатынын ойлаңыз.

Шаршамауға тырысыңыз, түнде жақсы ұйықтап, күн тәртібін сақтаңыз.



Коронавируспен қайта ауыру мүмкін бе?

Әлемдік статистикаға қарасақ басқа елдерде де қайта ауыру тіркеліп жатыр. Сол себепті иммунитетті көтеріп, жаттығуларды жасап өз денсаулығын қолға алу қажет.

Дәрі-дәрмекті негізсіз пайдалану иммунитетті әлсіретуі мүмкін. Егер ауырмай жатып антибиотикті профилактикалық түрде өз бетімен пайдаланып жатса одан иммунитетін түсіріп алады.

Рысқұл Пернебекова
Дәрігер терапевт

@coronavirus2020_kz

